

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
МКҚК «Еркежан» бөбекжайы
Ортаңғы «Ботақан» тобы (2 жастағы балалар) Қыркүйек айы**

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жағтығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап айтуға, дыбысын сөз ішінде анық айтуға үйрету. Дыбыстардың артикуляциялық позициясын дамыту. Отаны, отбасын сүюге тәрбиелеу. Мейрімділікке, әдептілікке тәрбиелеу. Тазша баламен танысу. Отан отбасынан басталатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерте отырып тіл мәдинетін қалыптастыру . Қыс мезгілі, қысқы ойындар, қысқы табиғат, қысқы еңбек жайлы түсінік бере отырып сызбаша бойынша суреттің мазмұнын құрауға, сөздерді байланыстырып айтуға үйрету.</p> <p>Шығармашылықты әңгіме құрастыруды жетілдіру. Картинадан нақты нысананы</p>

	<p>бөліп және оған ат қоя білуді, жұмбақ мазмұнын аша білуге үйрету. Монолог тілін дамыту; бөлініп алынған нысандарды сызба арқылы қосуды, олар жайында шығармашылықты әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру, зейіндерін, естерін, байқағыштықтарын, қиялдарын дамыту.</p> <p>Жаңа жыл мейрамы туралы түсінік бере отырып, сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеуін дамыту.</p> <p>Шырша сөзін қатыстырып сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру арқылы сөздік қорларын молайту.</p>
Көркем әдебиет	<p>Тақпақты асықпай, айқын айтуға үйрету. Тақпақты таңдап, мазмұнын түсіндіруге үйрету. Отбасы, Отан сөзінің мағнасын түсіндіру.</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сурет арқылы жауап беру. Шығарманы оқығанда мұқият тыңдап, сұрақтарға толық жауап беру. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.</p> <p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p>
Сенсорика	<p>Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4-5 сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау.</p> <p>Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау.</p> <p>Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып, кіргізе білу.</p>
Құрастыру	<p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p> <p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру,</p>

	<p>кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (күм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p> <p>Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>«Туған жердің ауа райын бақылайық» Ауа райындағы қарапайым өзгерістерді анықтай білу Қазақстан Республикасының рәміздерінің бірі-тумен таныстыру. Туған жердің ауа райындағы өзгерістерді анықтай білуге үйрету. Шартты белгілер бойынша жұмыс істей білу қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу. Қиылысатын тік сызықтардан заттар суретін салуға үйрету; қағаз ортасына орналастырып, ірі қылып салу; Гуашьпен сурет техникасын және маусымдық құбылыстарды бекіту. Көңіл-күй-эстетикалық талғамды дамыту, қимылдар үйлесімділігін, қылқалам қылдарының бағыты бойынша сурет сала білуді, көзбен шамалауды дамыту. Өнер туындыларына қызығушылыққа, өз бетінше жұмыс істеуге, өз жұмыстарын біртұтас ұжымдық жұмысқа айналдыруға тырысуға тәрбиелеу.</p> <p>Сәндік сурет салу. Ыдыстарға қазақ оюының элементтерін салдуы үйрету; бір біріне бірдей қашықтықта орналасқан қиғаш параллель сызықтарды салу. Әртүрлі бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, ойыншық сұлбасын әрлеуді үйрету. Саусақ ізін басуды, нүктелерді, жолақтарды сала білуді бекіту; Шырша сұлбасын суреті шекарасынан шықпай нүктелер мен саусақ ізінің таңбасымен әрлеуге үйрету; дәстүрлі емес сурет салу техникаларына қызығушылық, негізгі түстердің атауларын білуді бекіту.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Түс пен пішіді бейнелі қабылдай отырып, ұсынылған сұлбаны бендіріуді үйрету; қысымның күшін бақылау; бөліп алу мен домалақтау тәсілдерін</p>

	<p>бекіт, негізгі түстердің атауы, майлық пен тақтайшаны пайдалана білуді үйрету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.</p>
<p>Музыка</p>	<p><i>Музыка тыңдау</i> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (сылдырмақ, металлофон, маракас, асатаяқ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p><i>Ән айту</i> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p>

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар

Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.

Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.

Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Балаларды музыкалық аспаптармен: асатаяқ, металлофон, сыбызғы, бубен, сылдырмақ сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру

Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. ***Музыка тыңдау***

Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (сылдырмақ, металлофон, маракас, асатаяқ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.